



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы 8, 2-кіреберіс,  
тел.: 7 (7172) 74-94-75, факс: 7 (7172) 74-94-64  
e-mail: moap@mdai.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел 8, 2 подъезд,  
тел.: 7 (7172) 74-94-75, факс: 7 (7172) 74-94-64  
e-mail: moap@mdai.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттарына

2021 жылғы 30 қыркүйектегі  
№ ДС-283 депутаттық сауалға

**Құрметті «Ақ жол» фракциясының депутаттары!**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) +997 телефондық кодына көшу бойынша депутаттық сауалға келесіні хабарлайды.

*1. Дамыған 38 ОЭСР мемлекеттерінің 25-і қолданатын екі таңбалы кодтан дамушы мемлекеттер қолданатын үш таңбалы кодқа көшуге қандай себеп болды?*

**Жауап:** Кез келген елге халықаралық кодты, ең алдымен географиялық орнына байланысты бір, екі, үш таңбалы болып Халықаралық электр байланыс одағы (бұдан әрі – ХЭБО) бөлген және ХЭБО-ның ресми құжаттарында географиялық код деп аталады. Қазіргі қолданыстағы құжаттарда (ХЭБО-ның E.164 ұсынысы) жаңадан бөлінетін кодтар тек үш таңбалы болады деп белгіленген (бір және екі таңбалы кодтар бұрын бөлінген кодтар).

ХЭБО халықаралық кодты бөлген кезде ол елдің даму деңгейі бойынша емес, географиялық орналасқан орнына байланысты бөлген, мысалы дамыған елдер Финляндия (+358), Ирландия (+353), Исландия (+354) үш таңбалы телефон кодын пайдаланады.

+7 коды Кеңес одағының географиялық коды болатын, Кеңес одағының құрамына кіретін елдер тараған кезде Ресей және Қазақстан осы код аймағында қалды, ал басқа одақтас республикалар жаңа ұлттық кодтарға көшті: (Қырғызстан (+996), Түркіменстан (+993), Тәжікстан (+992), Әзербайжан (+994), Грузия (+995), Өзбекстан (+998)).

Содан бері Қазақстан мен Ресей Байланыс әкімшіліктерімен ортақ нөмірлеу аймағында болғандықтан, халықаралық кодқа байланысты кез-келген мәселені алдымен Ресеймен талқылап, ортақ шешімге келгенде ғана жүзеге асыра алады.

Қазіргі кодты Қазақстан және Ресей 2006 жылғы 17 маусымда жасалған «Әлемдік нөмірлеудің 7-аймағының нөмірлеуін пайдалану туралы» келісім (бұдан әрі - Келісім) негізінде қолданып келеді. Осы Келісімге сәйкес, екі жақ кез келген уақытта, алты ай бұрын хабарлап келісімнен шығуға ниет білдіре алады. Осы мәселені құқықтық нақтылау барысында +997 кодын резервке қойып, одан әрі Ресеймен Келісімді ретке келтіру мақсатында келіссөздер жүргізуді жоспарлап отырмыз. Ал, +997 кодын енгізудің Қазақстанға тиімділігі +7 аймағында Қазақстанға 600-699, 700-799 нөмірлеу ресурстары белгіленді, ал 300-399, 400-499, 500-599, 900-999 ресурстары Ресейге бөлінген. Егер +7 -нің орынына +997 коды бөлінген кезде осы барлық нөмірлеу ресурстар Қазақстанға тиесілі болады.

Оның үстіне, толықтай дербес телефон кодына өту арқылы Қазақстан осы бағыттағы мәселелерді өз бетінше қарастырып, жеке-дара шешім қабылдау құзыретіне қол жеткізіп қана қоймай, цифрландыру саласындағы өзгерістерге орай нөмірлеудің ұлттық ресурсын өзі үйлестіріп, сондай-ақ абоненттер мен қызметтер бойынша ұлттық жүйені кеңейту мүмкіндігіне ие болады.

Осы жайттарды ескере отырып және қазіргі технологиялық дамыған заманда жаңа дербес кодқа көшу процесі бірталай жеңілдегендіктен, жеке кодқа өту мәселесі қозғалып, +997 коды резервке қойылды.

*2. Қазақстан деген жазу шығу үшін осындай цифрлық құрбандыққа бармай, оны шешудің оңай техникалық жолы бар екені ескерілмеді ме?*

**Жауап:** Бұл мәселеде қандай да бір «құрбандық» іздеу қисынсыз. Қазақстан тарабы ХЭБО-да қазіргі кодқа байланысты қажетті құжаттардың барлығын ресімдеп, реттеген. Бүгінгі күнге ХЭБО-ның барлық ресми сайттарындағы құжаттарда 7 коды Қазақстанға және Ресейге бөлінгені белгіленген. Егер қандай да бір өзге елге қоңырау соққанда, Қазақстан деген жазу шықпаса, проблема сол сыртқы елдің өзінде деген сөз, яғни олар ішкі жүйесінде қатар шыққан екі атаудың ішінен автоматты түрде таңдалған мемлекеттің атауын өзгертпеген. Дербес код алған жағдайда, осы код бойынша барлық елдің жүйесінде тек бір ғана елдің атауы – Қазақстан ғана қалады.

Сонымен қатар, бұл мәселе тек техникалық тұрғыдан ғана емес, ұйымдастырушылық-әкімшілік іс-шараларды жүргізуді қажет етеді. Яғни, Ресей тарапымен Келісім бойынша сұрақтар реттелген соң осы мәселе барлық елдің байланыс әкімшіліктерімен, контент-провайдерлерімен және әлеуметтік желілермен пысықталатын болады.

*3. Бүгінгі қазақстандықтар қолданып жүрген сервистер мен қосымшаларды бағдарламамен қамтамасыз етіп отырған әлемдік әзірлеуші компаниялар өздерінің кодын осындай қысқа уақытта өзгертуге дайын ба және еліміздің азаматтары күнделікті қолданып жүрген цифрлық мүмкіндіктерінен айырылып қалмай ма?*

**Жауап:** Бұл бағытта Министрліктің операторлармен жан-жақты талқыланып жасалған нақты жоспары бар. Осы жоспарға және ХЭБО-мен

орнатылған тәртіпке сәйкес Қазақстан жаңа ұлттық кодқа 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ауыса бастайды, жаңа кодқа көшу процесі 2025 жылғы қаңтарға дейін жалғасады. Азаматтарға қолайлы болу үшін екі жыл бойы екі код қатар қолданылады, осылайша қазақстандықтарға қолданып отырған сервистер мен қосымшаларды жаңа кодқа ауыстыру үшін екі жылдай уақыт беріледі. Қазіргі ақпараттық заманда барлық жабдықтар цифрландырылған, сондықтан бағдарламаларда 7 санын 997 санына ауыстыру қиындық тудырмайды.

*4. Азаматтарымыздың қаржылық, әлеуметтік т.б. қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?*

**Жауап:** ХЭБО-ға мүше 192 мемлекет бар, осы мемлекеттерге нөмірлеу ресурстарын (77 кодын қоса алғанда) ХЭБО-ның электр байланысын стандарттау (бұдан әрі - ХЭБО СБ) бюросы бөледі. Сондықтан, Қазақстан елі толығымен 997 кодына көшпейінше, 77 кодын ешқандай ел пайдалана алмайды, яғни ақпараттық, қаржылық және әлеуметтік қауіпсіздікке ешқандай қауіп төнбейді. Халықаралық телефон кодына байланысты барлық жұмыстар тек осы ХЭБО СБ келісімімен жүргізіледі.

*5. Өтпелі кезеңдегі қаржылық шығындар (азаматтардың абоненттік нөмірді ауыстыруы, т.б.) есепке алынды ма? Ол шығындарды кім өтеуі тиіс? Бюджет пе, болмаса азаматтарымыздың қалтасынан шыға ма?*

**Жауап:** Азаматтардың абоненттік нөмірлері ауыспайды, тек қана +77 саны +997 санына ауыстырылады, сондықтан тұтынушы азаматтар үшін ешқандай шығын шықпайды және бюджеттен де қаражат бөлінбейді. Қызмет ұсынушылар тарапынан болатын шығын мәселесі операторлармен алдын ала талқыланды және келісілді, жаңа кодқа өту мәселесі қолдау тапты.

**Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі**

**Б. Мусин**

*Орынд.: Мусагулова Ж.*

*Тел.: 8 775 7772490*

*[zhu.musagulova@mdai.gov.kz](mailto:zhu.musagulova@mdai.gov.kz)*